



- БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1871 от 06.09.2023

**2023-2024 оқу жылында  
білім беру ұйымдарындағы  
тамақтандыруды  
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 43 бабының 2 тармагының 11 тармакшасына, 48 бабының 5 тармагына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының камкорлығының қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды камтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қагидалары» туралы бүйрығына 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 енгізілген озгерістер мен толықтыруларға сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Білім беру мекемелерінің басшыларына:

1. Жекелендірген санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыруды ұйымдастырудың жауапкершілігі жүктелсін.
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Астана қаласы Білім басқармасының Экономика және мемлекеттік сатып алулар бөліміне тапсырылсын.
3. Ашықтықты камтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.
4. Бракераждық комиссия құрамы білім беру ұйымдары Басшыларының төрагалығымен бекітілсін.
5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен окушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналастырылсын.
6. Білім беру ұйымдарындағы тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын.

7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыыйым салынсын.

8. Тамактанудың кестесін бекіту кезінде тамактану уақытының ұзактығын ескеріп, сабак арасындағы қоңырау ұзактығы 15 минутқа сәйкестендірілсін.

9. Буфеттің жылдамдатып қызмет көрсетуді қамтамасыз ету бөлігі бойынша жұмысы ұйымдастырылсын (қызмет көрсету персоналының, кассир мен сатушылардың санын оқушылардың контингентіне байланысты қарастыру).

10. Сапалы тамактандырудың ұйымдастырылуы бойынша акпарат тоқсан сайынғы педагогикалық кеңес отырысында қаралсын.

11. Интернет – ресурстарында «Мектептегі тамактану» айдарында мектептегі тамактандыруды ұйымдастыру ай сайынғы акпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде акпарат берілсін.

12. Тамактанудың сапалылығының есебі ата-аналар қоғамының алдында уақтылы берілсін.

13. Тұрғын емес үйлерді (асханалар мен буфеттер) жалға беруге келісім жасау үшін тамактандыруды ұйымдастыру қызметі бойынша жабдықтау жөнінде кажетті акпаратты қаланың мемлекеттік коммуналдық мұлікті баскарудагы екілетті органына («Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алушар баскармасы» ММ) уақытында берілсін.

14. Буфеттегі тамактану бағасы (прейскурантта көрсетілген бағадан көтерілмеуін) бакылауға алсын.

15. Оқушыларды тамактандыру жүйесі Білім беру ұйымдарына қойылатын Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес (газдалған сусындар, фастфуд, шоколадты батон, майонез, кетчуп, сағызды конфеттер, сағыз т.б. алынып тасталсын) ұйымдастырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын бакылау Астана қаласы Білім баскармасы басшысының орынбасары С.Адылбаевка жүктелсін.

Астана қаласы  
Білім баскармасының басшысы

Қ.Сенғазыев